



МЕНІҢ ҮЙІМНІҢ КЕПІЛДІГІ ТУРАЛЫ БАРЛЫҚ АҚПАРАТ

2025

Қамқорлық көрсету орталығының Апаттық желісі
(Тәулік бойы, демалыссыз)

+7 701 8 330 330

BI Service Бас офісі
Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1



Кітаптағы ақпарат қазіргі уақытта өзекті және өзгеруі мүмкін.

Жаңартулар мен жаңалықтарды www.bi.group сайтында, BIG App мобильді қолданбасындағы және @bi.service парағы арқылы қадағалап отырыңыз.

Біз әрқашан байланыстамыз: service@bi.group

Осы материал, ҚР АҚ 395-бабына сәйкес, жария оферта болып табылмайды.

БҰЛ КІТАП НЕ ТУРАЛЫ?

«Менің үйімнің кепілдігі туралы барлық ақпарат» — үйіңіздің кепілдік мәселелерін түсінуге көмектесетін практикалық нұсқаулық. Онда сіз үйдің құрылыс сапасы мен күтіп ұсталуы үшін кім жауапты екені туралы ақпаратты таба аласыз, сондай-ақ кепілдіктердің қандай мерзімде жарамды болатынын білесіз. Кітапта біз үйіңіздің әр түрлі бөліктеріне күтім жасау бойынша сенімді кеңестерімізді бөлісеміз. Сонымен қатар, онда төтенше жағдайларда не істеу керектігі туралы ұсынымдар да бар. Кітаптың көмегімен сізге үйіңізді жақсы күйде ұстау оңайырақ болады.

БАҚЫТ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

Барлығы жақсы екеніне сенімділіктен: үйіңіз әрқашан жылы әрі жайлы, жаныңызда – мейірімді де жанашыр адамдар, балалар жайлы ортада өсіп келеді, ақшамен барынша тиімді инвестиция жасалады. Бақыт дегеніміз — әрқайсымыздың өзімізге, туыстарымыз бен жақындарымызға, жаңа әсерлер мен әуестіктерге, игі істер мен қайырымдылыққа, еліміз бен ғаламшарымыздың болашағына қамқорлық жасауға жұмсай алатын уақытымыз. BI Group адамдарының да, өнімдерінің де негізгі міндеті — сіздердің бақыттарыңызды аялау.



САЛЫНҒАН ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ САПАСЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕМІЗ

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАСҚАРМАСЫ

Біздің компанияда объектілердің сапасын сақтау үшін арнайы кепілді қызмет көрсету басқармасы бар. Бұл басқарма кепілдік мәселелерін белсенді түрде шешеді, тұрғын үйлерді жақсы жағдайда ұстауға және олардың нарықтағы сұранысын арттыруға ықпал етеді.

ВІ GROUP-ТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ — СІЗДЕРДІҢ БАҚЫТТАРЫҢЫЗДЫ АЯЛАУ

КЕПІЛДІК ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Кепілдік жағдайы дұрыс пайдаланбау, сыртқы механикалық зақымданулар немесе табиғи апаттар салдарынан болған бұзылуларға қолданылмайды. Пайдалану ережелерін сақтау маңызды. Кепілдік жалпы үй аумағына және пәтер ішіндегі құрылымдарға қолданылады.

ЗАҢ БОЙЫНША ҚАНДАЙ КЕПІЛДІК БОЛУЫ ТИІС?

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" ҚР Заңыны 69-бабына сәйкес, құрылыс салушы 2 жылға кепілдік беруге міндетті. Алайда, бұл кепілдік тек жалпы үй аумағын қарастырады. Заң пәтер ішіндегі конструктивтерге қолданылмайды.

Біздің компанияда біз тұрғын үй құрылысының сапасына және клиенттерімізге қамқорлық жасауға ерекше назар аударамыз. Кепілдік беру бойынша қатаң міндеттемелердің болмауына қарамастан, біз үйлерге деген қамқорлығымыз бен клиенттердің қанағаттануы біз үшін басымдық екенін мақтанышпен атап өтеміз. Сондықтан, біз жалпы үй аумағына кепілдік мерзімдерін ұлғайттық және клиенттерге пәтер ішіндегі конструкцияларға кепілдік ұсындық.

КЕПІЛДІК ДЕГЕНІМІЗ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

Кепілдік құрылыс салушының үйді салу кезінде жіберілген және кепілдік мерзімі ішінде анықталған (көрінген) бұзушылықтардан туындаған кемшіліктерді жою шығындарын өзіне алатынын білдіреді. Кепілдік үйге ортақ аумаққа және пәтер ішіндегі конструктивтерге қолданылады.

КЕПІЛДІК ҚАЙ КЕЗДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫЛА БАСТАЙДЫ?

- Жалпы үй аумағына және пәтер ішіндегі конструкцияларға кепілдік пәтерді меншік иесіне беруге немесе үйді пайдалануға беруге дайын екендігі туралы хабарлама жіберілген сәттен басталады (бұрын не болатынына байланысты).

ОРТАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОРЫНДАРҒА КЕПІЛДІК

КОНСТРУКТИВТЕР	БАСҚА КОМПАНИЯЛАР ДЫҢ КЕПІЛДІГІ	BI GROUP ҮЙЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ
ІРГЕТАСТАР		
• Іргетасты гидрооқшаулау	2 жыл	10 жыл
• Іргетас (қадалар, таспалы іргетас, ростверк)	2 жыл	50 жыл
ҒИМАРАТ ПЕН ТҰРАҚ ҚАҢҚАСЫ		
• Тік тірек тас құрылымдары және едендер	2 жыл	20 жыл
• Тік тірек құрылымдары монолит және едендер	2 жыл	50 жыл
ҒИМАРАТ ПЕН АВТОТҰРАҚТЫҢ ШАТЫРЫ		
• Тұрғын үйдің шатыры (гидрооқшаулау)	2 жыл	10 жыл
• Автотұрақ шатыры (гидрооқшаулау)	2 жыл	10 жыл
КІРІКТІРІЛГЕН АВТОПАРКИНГ		
• Паркинг топпингі	2 жыл	3 жыл
• Қабырғалар мен автотұрақ қалау	2 жыл	5 жыл
• Автотұрақ саңылауларын толтыру	2 жыл	5 жыл
• Ішкі инженерлік тұрақ желілері	2 жыл	5 жыл
• Автотұрақ қасбеті	2 жыл	10 жыл

ОРТАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОРЫНДАРҒА КЕПІЛДІК

КОНСТРУКТИВТЕР	БАСҚА КОМПАНИЯЛАР ДЫҒ КЕПІЛДІГІ	BI GROUP ҮЙЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ
ЖАЛПЫ ПАЙДАЛАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СУ ЖӘНЕ КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІ		
• Сумен жабдықтау, кәріз жүйелері үшін ортақ пайдаланылатын орындардағы магистральдық желілер мен тораптар	2 жыл	5 жыл
• ЖСЖ/ССЖ сорғылары (ыстық және суық су)	2 жыл	5 жыл
• Трансформаторлық қосалқы станция және тарату пункті	2 жыл	5 жыл
ЖАЛПЫ ПАЙДАЛАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖЫЛЫТУ ЖӘНЕ ЖЕЛДЕТУ		
• Табиғи желдету жүйесі (дефлектор)	2 жыл	5 жыл
• Жылыту аспаптары монтаждау	2 жыл	5 жыл
• Жылыту аспаптарына арналған шығын материалдары (Термореттегіштер, термостат)	2 жыл	5 жыл
• Құбырларды тік және көлденең төсеу	2 жыл	5 жыл
• Толтыру сорғылары	2 жыл	5 жыл
• Айналымалы жылыту сорғылары	2 жыл	5 жыл
ЖАЛПЫ ПАЙДАЛАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРИКА ЖӘНЕ ТӨМЕН ТОК ЖҮЙЕСІ		
• Жарықтандырудың шығын материалдары (шамдар, диодты жолақтар және т.б.)	Қарастырылмаған	1 жыл
• Көше шамдары	2 жыл	3 жыл
• Жарықтандыру (қозғалыс датчиктер) монтаждау жұмыстары	2 жыл	3 жыл
• Өрт-күзет дабыл жүйесі және өрт сөндіру жүйесі	2 жыл	5 жыл
• Бейнебақылау жүйесі	2 жыл	5 жыл
• IP-домофон жүйесі	2 жыл	5 жыл
• Қызыл сызықтың артындағы көше шамдары	2 жыл	5 жыл
• Қасбеттік шамдар	2 жыл	5 жыл
ІШКІ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖЕЛІЛЕРІ		
• Газбен жабдықтау жүйесінің құрылғысы (құбырларды, крандарды, клапандарды, реттегіштерді, есепке алу аспаптарын, қалқандарды, автоматтарды монтаждау, кабельдерді төсеу, датчиктерді, контроллерлерді орнату)	2 жыл	5 жыл
СЫРТҚЫ ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР		
• Сыртқы және магистральдық желілер	2 жыл	5 жыл
АВТОМАТТЫ ӨРТ СӨНДІРУ ЖҮЙЕСІ (АӨЖ)		
• Сорғы қондырғысы	2 жыл	5 жыл
• Құбырлар	2 жыл	5 жыл
• Электрика (датчиктер, дабылдар мен ескертулер, қуат көздері және т. б.)	2 жыл	5 жыл

*Кепілдік BI SERVICE басқарушы компаниясы қызмет көрсететін үйлерге қолданылады

ОРТАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОРЫНДАРҒА КЕПІЛДІК

КОНСТРУКТИВТЕР	БАСҚА КОМПАНИЯЛАР ДЫҢ КЕПІЛДІГІ	BI GROUP ҮЙЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ
ҮЙДІҢ АУМАҒЫ		
• Көгалдандыру	3 жыл	3 жыл
• Автоматты суару	3 жыл	3 жыл
• Тартан жабындары	3 жыл	3 жыл
• Қоршаулар мен қақпалар	3 жыл	5 жыл
• Шағын сәулет нысандары (орындықтар, мүсіндер, т. б.)	3 жыл	5 жыл
• Тас өсеніштер, асфальт оның ішінде төсеніш пен асфальт үшін топырақты тығыздау	3 жыл	5 жыл
ҚАСБЕТ		
• Сыртқы төлкелер және су ағар	2 жыл	5 жыл
• Сәндік сылақтан жасалынған қасбет	2 жыл	5 жыл
• Желдетілетін қасбет	2 жыл	10 жыл
БАСҚА ДА ЖҰМЫСТАР		
• Кіреберіс	2 жыл	5 жыл
• Кіру топтары (баспалдақтар, пандустар, мүгедектер көтергіштері, күнқағарлар)	2 жыл	5 жыл
• Кондиционер себеттері	2 жыл	5 жыл

ОРТАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОРЫНДАРҒА КЕПІЛДІК

КОНСТРУКТИВТЕР	БАСҚА КОМПАНИЯЛАР ДЫҢ КЕПІЛДІГІ	BI GROUP ҮЙЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ
ЖАЛПЫ ПАЙДАЛАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ТЕРЕЗЕЛЕР, ЕСІКТЕР ЖӘНЕ ҚАҚПАЛАР		
• Стопор	2 жыл	2 жыл
• Есіктер мен терезелердің тығыздағыш резеңкесі	2 жыл	2 жыл
• Қақпаның шығын материал (серіппелер, тұтқалар, шатырлар, кабельдер, тақта)	2 жыл	2 жыл
• Витраждар мен терезелердің шығын материалы (тұтқалар, шатырлар, редуктор)	2 жыл	3 жыл
• Витраждар мен терезелер (профиль)	2 жыл	5 жыл
• Болат және Алюминий есіктер (профиль)	2 жыл	5 жыл
• Паркинг қақпасын орнату	2 жыл	5 жыл
• Тұрақ қақпасының бұралу механизмдері	2 жыл	5 жыл
ЖАЛПЫ ПАЙДАЛАНУ ОРЫНДАРЫН ӘРЛЕУ		
• Жиһаз	2 жыл	2 жыл
• Қабырғаларды әрлеу - қызмет көрсету аяқталғаннан кейін, регламентке сәйкес бір рет кіреберістерде косметикалық әрлеу жұмыстары жүргізіледі	2 жыл	5 жыл
ЛИФТ		
• Лифт жабдықтары	2 жыл	10 жыл

*Кепілдік BI SERVICE басқарушы компаниясы қызмет көрсететін үйлерге қолданылады

ПӘТЕР ІШІНДЕГІ КЕПІЛДІК

КОНСТРУКТИВТЕР	БАСҚА КОМПАНИЯЛАР ДЫҢ КЕПІЛДІГІ	BI GROUP ҮЙЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ
КІРУ ЕСІГІ		
• Кіреберіс есік (есік блогы)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Стопор	Қарастырылмаған	2 жыл
• Тығыздағыш резеңке	Қарастырылмаған	2 жыл
• Электрондық құлып	Қарастырылмаған	5 жыл
ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ		
• Қабырғалар (құрылыс салушы жасаған негізгі әрлеу)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Еден тұтастырғышы	Қарастырылмаған	5 жыл
ТЕРЕЗЕЛЕР, ВИТРАЖДАР, БАЛКОН		
• Терезе профилі (рама)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Балкон есігінің профилі (балкон саңылауының жақтауы)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Терезе ернек тақтайы	Қарастырылмаған	5 жыл
• Терезе шығын материалдары (шатырлар, тұтқа)	Қарастырылмаған	3 жыл
• Шыны пакеті (герметизацияның бұзылуы)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Тығыздағыш резеңке	Қарастырылмаған	2 жыл
• Терезелер мен витраждардың шығын материалдары- Ілмек, механизм, кері жолақ	Қарастырылмаған	3 жыл
ПӘТЕРДІҢ ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ		
• Радиатор (пломбасы бар)	Қарастырылмаған	5 жыл
• Жылу реттегіш	Қарастырылмаған	5 жыл
• Тұтастырғышта жасырылған құбырлар	Қарастырылмаған	5 жыл
• ЫСЖ және ССЖ есептегіштері	Қарастырылмаған	5 жыл
• Радиаторды жылыту құбырларына қосу	Қарастырылмаған	5 жыл
• ЫСЖ/ССЖ өшіру крандары	Қарастырылмаған	5 жыл
• Кәріз, сумен жабдықтау және желдету жүйесі	Қарастырылмаған	5 жыл
• Жеткізу клапаны	Қарастырылмаған	3 жыл
ІШКІ ЭЛЕКТРИКА ЖӘНЕ ӘЛСІЗ ТОКТЫ ЖҮЙЕЛЕР		
• Автоматтар	Қарастырылмаған	3 жыл
• Домофон	Қарастырылмаған	5 жыл
• Құрылыс салушы ұсынған электр тарату жүйесі	Қарастырылмаған	5 жыл
MODEX-ТЕН ТАЗА ӘРЛЕУ		
• Қабырғаларды, еденді және төбені әрлеу	Қарастырылмаған	1 жыл
• Бөлмеаралық есіктер	Қарастырылмаған	1 жыл
• Электрика (шамдар, розеткалар, кабельдер, электр қалқаны)	Қарастырылмаған	1 жыл
• Сантехника (санитарлық фаянс, араластырғыштар)	Қарастырылмаған	1 жыл



ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Қабырғалар

- Тегіс емес қабырғалар¹
- Қабырғалардағы жарықтар²
- Гипс сылағының қабыршақтанып түсуі
- Қабырғадағы сыз/көгеру³

Еден

- Еденнің кедір-бұдырлығы¹
- Тұтастырғыштағы ауытқулар, жарықтар

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Пәтерді қайта жоспарлағанда:

- Күш түсетін немесе түспейтін қабырғаларды бұзғанда немесе оларды ойғанда
- 2 бөлмені (ас үй бөлмесі-балкон, зал-ас үй бөлмесі) біріктіргенде
- Балкон қоршауларын бөлшектегенде
- Желдету шахтасын жапқанда

¹ ҚР нормаларына сәйкес ауытқулар болуы мүмкін

² Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.

Алғашқы 3 жыл ішінде бөлмелерде жіп тәрізді шөгу жарықтары анықталған жағдайларда кепілдік қолданылмайды.

³ Қабырғалардағы көгеру іздері тұрғынның температуралық режимді бұзуы, соның ішінде желдету шахтасын жабуы себебінен пайда болған жағдайларда кепілдік қолданылмайды.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

Еден

- ☐ Көзге көрінетін ауытқуларсыз
- ☐ Еден тұтастырғышының қатпарлануы жоқ (ұсақ жарықтардың болуы мүмкін)

Қабырғалар

- ☐ Көзге көрінетін ауытқуларсыз
- ☐ Қабырға сылағы қабыршақтанбаған
- ☐ Ағындық клапан орнатылған
- ☐ Желдету жүйесі жұмыс істейді

*Біз беттің тегістігін бақылау үшін әрқашан лазерлік нивелирді қолданамыз.



Бөлмеде сиз пайда болмауы үшін желдету люктерінің жарамдылығын тексеріп отырыңыз.




Терезенің жабылу тығыздығын маусымға сәйкес реттеңіз. Үй-жайдағы ауа алмасу қалыпты болуы үшін ағындық клапандар әрқашан ашық болуы тиіс.



Құйылмалы еденді құйған кезде ылғал кіруіне жол бермеу үшін еденге және қабырғаларға гидрооқшаулағыш қолданыңыз.

КІРУ ЕСІГІ



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- пәтерді қабылдау кезінде зауыт жіберген жарамсыздық немесе ақаулар анықталған жағдайда:
- Деформацияланған есік қорабы
 - Есік тақтасындағы немесе жақтауларындағы сызаттар мен жарықтар
 - Электронды құлып дисплейіндегі сызаттар
 - Электронды құлыптың дұрыс жұмыс істемеуі
 - Есік тығыз жабылмайды
 - Фурнитураның (тұтқаның, бітеуіштің, құлыптың, құлып тілінің, тығыздағыш резеңкелердің) болмауы

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Механикалық әсер болғанда:
- Үшінші тұлғалардың есік элементтерін ауыстыруы
 - Ұқыпты қарамаудың немесе соққының салдарынан сызаттардың немесе жарықтардың пайда болуы
 - Электронды құлыптағы аккумуляторды/батареяны ауыстыру

*Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

- Есік
- ☐ Есік фурнитурасында немесе жақтауында жарықтар, сызаттар жоқ
 - ☐ Электронды құлып дисплейінде жарықтар, сызаттар жоқ
 - ☐ Құлып механизмі дұрыс жұмыс істейді
 - ☐ Пәтер нөмірі бар
 - ☐ Бүкіл фурнитура (тұтқалар, бітеуіштер, құлып, құлып тілі, тығыздағыш резеңкелер) бар, бекітілген, ақаусыз
 - ☐ Есік тығыз жабылады

Назар аударыңыз! Пәтерді қабылдау кезінде сызаттардың, жарықтардың немесе басқа да механикалық зақымдану іздерінің бар-жоғын мұқият тексеріп алыңыз. Болған жағдайда, олар қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілуі тиіс. Қабылдап қойғаннан кейін сызаттар немесе жарықтар анықталған жағдайда, бұл ақаулар кепілдік жағдайларына жатқызылмайды.

Электронды құлыпта жарамсыздық пайда болған жағдайда, BIG App қолданбасы арқылы өтінім беріңіз. Мамандарымыз мәселені шешуге көмектеседі.



Электронды құлып механизміне зақым келуіне жол бермеу үшін есікті қатты соғудан немесе күш қолданудан аулақ болыңыз.




Электронды құлып батареясын үнемі тексеріп, үздіксіз жұмыс істеуі үшін қуаттандырылған күйде ұстаңыз.



Электронды құлыптардың жұмысқа жарамдылығын бақылауда ұстаңыз: механизмдегі шаңды уақтылы сүртіп отырыңыз.



ТЕРЕЗЕЛЕР, ВИТРАЖДАР, БАЛКОН



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Зауыт жіберген жарамсыздық немесе дұрыс орнатылмау жағдайында:

- Шыны пакеті шытынағанда немесе жарылғанда. Сыртқы күш әсерінсіз
- Фурнитурда (тұтқа, бұрмалы-қайырмалы механизм, кері планка, жаппалар) ақаулар анықталғанда
- Тығыздағыш резеңке зақымдалғанда
- Терезені қорғау жүйесі зақымдалғанда/болмағанда
- Балкон жармасы мен есігі тығыз жабылмағанда
- Шыны пакетінде саңылау пайда болғанда
- Терезе алды тақтайы

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Механикалық әсер болғанда немесе қайта жоспарлағанда:

- Ұқыпты ұстамау салдарынан соғып алғанда
- Дұрыс жаппай, құлып конструкциясы бұзылғанда
- Терезе немесе балкон конструкциялары бөлшектенгенде
- Витраждар мен терезелерді бөлшектегенде немесе жылу оқшаулағанда

*Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

Терезелер, Балкон

- ☐ Бүкіл фурнитура (тұтқалар, бітеуіштер, бұрандамалы қосылыстар) бар, бекітілген, ақаусыз
- ☐ Терезе алды тақтайларындағы бітеуіштер орнатылған
- ☐ Балаларды құлаудан қорғау жүйесі орнатылған
- ☐ Терезелер мен есіктер реттелген, еркін ашылып-жабылады
- ☐ Терезелерде анық көрінетін сыртқы ақаулар жоқ; жақтауларда немесе әйнекте жарықтар жоқ
- ☐ Терезе жақтауы ойықта бекітілген және босап тұрған жоқ
- ☐ Жақтаулары тік, тегіс
- ☐ Терезе алды тақтайында жарықтар жоқ
- ☐ Терезе алды тақтайы бекітілген. Терезе алды тақтайының астында саңылаулар жоқ.

Назар аударыңыз! Пәтерді қабылдау кезінде терезелердің шыны пакеттерін мұқият қарап тексерген жөн. Жарықтар болған жағдайда, қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілуі тиіс. Қабылдап қойғаннан кейін жарықтар анықталған жағдайда, бұл ақаулар кепілдік жағдайларына жатқызылмайды.



Бөлмеде сиз пайда болмауы үшін ағындық клапандардың жарамдылығын тексеріп отырыңыз.




Терезенің жылжымалы элементтерін тексеріп майлаңыз



Әйнекке қырау тұрмауы үшін қыста балкон есігін ашық қалдырмаңыз



ЖЫЛУ БЕРУ ЖӘНЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- Құбырлар мен жылыту құралының қосылысында ағулар пайда болғанда
- Жылыту құралы немесе жылу реттегіш дұрыс жұмыс істемегенде
- Жылыту құралы дұрыс бекітілмегенде
- Қабылдау-тапсыру актісін жасау кезінде жылу реттегіш сынған немесе жоқ болғанда
- Ыстық және суық су есептегіштері болмағанда
- Жылыту құралын BI Service арқылы алып тастағанда

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Жылыту құралдары бөлшектенгенде, өзгертілгенде немесе орны ауыстырылғанда:
- Радиаторды өздері алып тастағанда
- Радиатордың пломбасы алынып тасталғанда
- Балконда жылу оқшауламақ болып, жылыту құралдарын шығарып тастағанда
- Жылыту құралы секцияларының санын өздігінен көбейткенде немесе азайтқанда
- Ванна бөлмелері мен санитарлық тораптарда жылыту құралдары бөлшектенгенде.
- Жылыту құралдарына сыртқы жүктеме болғанда

*Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.



Жайғасымды өзгерту немесе радиаторлардың орнын ауыстыру кезінде қосымша кеңес алу үшін басқарушы компанияға жүгініңіз.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

ЫСЖ және ССЖ

- ☐ Су есептегіштері орнатылған
- ☐ Су құбыры, құбыр желісі қабырғаға бекітілген
- ☐ Кран, радио модулі бар есептегіш орнатылған

Радиатор

- ☐ Жылу реттегіштер бар
- ☐ Радиаторлар пломбаланған
- ☐ Радиаторда жарықтар немесе сызаттар жоқ
- ☐ Қабырғаға бекітілген
- ☐ Механикалық зақымданулары жоқ

Назар аударыңыз! Пәтерді қабылдау кезінде сызаттардың, жарықтардың немесе басқа да механикалық зақымдану іздерінің бар-жоғын мұқият тексеріп алыңыз. Қабылдап қойғаннан кейін сызаттар немесе жарықтар анықталған жағдайда, бұл ақаулар кепілдік жағдайларына жатқызылмайды.



Радиаторды уақытша алып тастау қажет болса, кепілдікті жоғалтпау үшін BI Service-ке жүгініңіз.



ҮЙ-ЖАЙДАҒЫ ЭЛЕКТР ҚУАТЫ



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Мыналар зақымданғанда немесе дұрыс жұмыс істемегенде:

- Электр автоматы
- Электр есептегіштері
- Оптикалық-талшықты кабель
- Электр кабелі
- Әрі қарай қосу үшін электр кабелі өткізілмегенде

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Механикалық әсер болғанда:

- Жасырын электр сымдары трассасының осіне жақын жерде қабырғаны оюдан немесе жөндеу жұмыстарын жүргізуден кейінгі зақымдану.
- Кабельдердің, автоматтың, әлсіз тоқты жүйеге арналған люгы бар ойықтың орнын ауыстырғаннан кейінгі зақымдану
- Алюминий электр сымдарымен жұмыс істеу ережелерін бұзған жағдайда*

*Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

Электрлендіру

- ☐ Электр есептегіш орнатылған және пломбаланған
- ☐ Автоматтар орнатылған
- ☐ Әлсіз тоқты қалқан бар, қалқан есігі орнатылған

Телефонмен жабдықтау / Кабельдер

- ☐ Оптикалық-талшықты кабельге арналған құбыр бар (әлсіз тоқты желілер)
- ☐ Құбырда сым тартудың болуы (болат сым)

Домофон / Бейнедомофон

- ☐ Домофон қосылған, сыртқы ақаулары жоқ

Назар аударыңыз! Жасырын электр сымдары трассасының осіне жақын жерде қабырғаны бұрғылау, ою немесе басқа жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде абай болыңыз. Қабырғалар мен аражабындарда электр сымдарының болуы арнайы индикаторлардың көмегімен немесе розеткалардың не ажыратқыштардың орналасуы бойынша анықталуы мүмкін.

*Электр сымдар жүйесін орнату кезінде алюминий қорытпасынан жасалған кабельге мыс кабельді жалғауға үзілді-кесілді тыйым салынады. ТЕК алюминий қорытпасын қолдануға болады. Әйтпесе бұл қосылған орынның қызуына және түйіспенің бұзылуына алып келуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде өрт шығуына алып келуі мүмкін.

Алюминий қорытпасынан жасалған кабельді Астана қ., Сығанақ көшесі, 16 мекенжайында орналасқан, демалыссыз жұмыс істейтін «Все для ремонта» құрылыс дүкенінен сатып алуға болады, байланыс телефондары: 8 702 767 13 23, 8 700 771 81 39



MODEX үйлерінде кабельдерді өткізу кезінде олардың орналасқан жерін ескеріңіз. Нақты схемасын BIG App қолданбасынан көруге болады.



Розеткалар мен электр желілеріне шамадан тыс күш түсірмеңіз.



Электр желісінде ақаулар болған жағдайда, дереу BI Service қызметіне немесе электр желісі ұйымына хабарласыңыз.

MODEX-ТЕН ТАЗА ӘРЛЕУ



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Материалдарда ақаулар анықталғанда
Құрастыру ақаулары анықталғанда
Пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелері
сақталғанда
Материалдарды дұрыс күйде сақтау үшін тұрақты түрде
алдын алу шаралары жүргізілетін жағдайда.

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Алдын ала келіспестен, модульдік элементтер
конструкциясына өзгерістер енгізгенде.

Пәтерді қайта жоспарлағанда:

- Күш түсетін қабырғаларды бұзғанда немесе оларды ойғанда
- 2 бөлмені (ас үй бөлмесі-балкон, зал-ас үй бөлмесі) біріктіргенде
- Балкон қоршауларын бөлшектегенде
- Желдету шахтасын жапқанда
- Қабырғаларды, еденді, төбені, желдету қондырғыларын тесу.

*Кепілдік өзгерістерге ұшыраған конструктивтер үшін ғана жарамсыз болады.

Алғашқы 3 жыл ішінде бөлмелерде жіп тәрізді шөгу жарықтары анықталған жағдайларда кепілдік қолданылмайды.

Қабырғалардағы көгеру іздері тұрғынның желдету шахтасын жабуы себебінен пайда болған жағдайларда кепілдік қолданылмайды.



Таза әрлеу сапасының тұрақтылығын сақтау үшін қабырғалар мен едендерге соққылар мен сызаттар сияқты механикалық әсерлерді болдырмауға тырысыңыз.



Жарықтардың пайда болуына жол бермеу үшін күш түсетін қабырғаларды оймаңыз. Әрлеу кезіндегі өзгерістерді мұқият қадағалаңыз және сұрақтар немесе мәселелер туындаған жағдайда кәсіби қолдауға уақтылы жүгініңіз.



Бөлмеде сиз пайда болмауы үшін желдету саңылауларының жарамдылығын тексеріп отырыңыз.

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Пәтерді қабылдау кезінде неге назар аудару керек

Қабырғалар, еден және төбе

- ☐ Көзге көрінетін ауытқуларсыз
- ☐ Ірі жарықтардың, дақтардың және әрлеу жұмыстары ақауларының болуы 0,4 мм-ге дейінгі шөгу жарықтарының болуына рұқсат етіледі)

Терезелер мен есіктер:

- ☐ Барлық терезелер мен есіктер оңай ашылып-жабылады
- ☐ Толық герметикаланған
- ☐ Әйнекте және фурнитурда зақымданулар жоқ

Электрика:

- ☐ Ажыратқыштар мен розеткалардың жұмысқа жарамдылығы
- ☐ Жалаңаштанған сымдардың болмауы

Сантехника

- ☐ Араластырғыштар мен арматураның жарамдылығы
- ☐ Ағулардың болмауы

*Біз беттің тегістігін бақылау үшін әрқашан лазерлік нивелирді қолданамыз.



ОРТАҚ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ОРЫНДАР

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Мына жағдайларда:

- Кіреберістегі еденде сызаттар/жарықтар анықталғанда
- Сәндік элемент зақымданғанда
- Жақтаулар/тұтқалар зақымданғанда
- Ойын алаңының қозғалмалы элементтері зақымданғанда
- Температура датчигі мен автомат дұрыс жұмыс істемегенде
- Қабырғаларда жалпақтығы 1 мм-ден асатын шөгу жарықтары анықталғанда

Мыналарды ауыстыру қажет болғанда:

- Күйіп кеткен шамдар
- Күйіп кеткен қосқыштар
- Қозғалыс датчиктері
- Ауланы жарықтандыру шамдары

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Дұрыс пайдаланбау салдарынан лифтте жарықтар, сызаттар анықталғанда
- Тұрғындардың ұқыпсыз қарауы салдарынан ақаулар мен механикалық зақымданулар пайда болған жағдайда.
- Алғашқы 3 жыл ішінде қабырғаларда жіп тәрізді шөгу жарықтары анықталған жағдайларда.



ЖАЛПЫ ҮЙДІҢ СУ ҚҰБЫРЫ ЖӘНЕ КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- Су өлшеу торабы дұрыс жұмыс істемегенде
- Апат (кәріз жүйесінің деңгейтіректері) және ағып кету жағдайларында

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Кәріз құбыры мына заттармен бітеліп қалғанда:

- құрылыс қоспалары
- гигиеналық құралдар
- май, тамақ қалдықтары және т.б.



ҮЙГЕ ЖЫЛУ БЕРУ ЖӘНЕ ЖЕЛДЕТУ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Жабдықта ақау болғанда:

- Зақымдану, бұзылу немесе жұмысқа жарамсыздық
- Құралдардың немесе жүйелердің істен шығуы.
- Техникалық себептерден туындаған жұмыстағы іркілістер

Жабдық дұрыс орнатылмағанда:

- жылыту құралдары
- толықтыру сорғылары
- желдету жүйесі және т.б.

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Тұрғын жылу беру жүйесіне өздігінен өзгерістер енгізген кезде



ҮЙДЕГІ ЭЛЕКТРИКА ЖӘНЕ ӘЛСІЗ ТОКТЫ ЖҮЙЕЛЕР


КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- Электр жүйесі зақымданған немесе дұрыс жұмыс істемейтін жағдайда
- Өндірістік ақаулар болған жағдайда

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Механикалық зақымданулар кезінде:

- электр желілеріндегі рұқсатсыз өзгертулер
- клиент әрекеттерінің салдарынан үйдегі бейнекамералардың істен шығуы
- IP-домофон жүйесінің зақымдануы



ҮЙДІҢ ТЕРЕЗЕЛЕРІ, ЕСІКТЕРІ, ҚАҚПАСЫ ЖӘНЕ ШЛАГБАУМДАРЫ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Мына жағдайларда:

- терезелерде мұз қатқанда және жел үрлегенде
- герметикалық болмағанда
- механизмдерде ақаулар болған жағдайда

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Механикалық зақымданулар кезінде:

- қақпаны соққанда
- жүргізілген жұмыстар нәтижесінде сызаттар мен жарықтар түскенде
- 3 тұлғаның араласуынан немесе форс-мажор жағдайларының (деңгейтірек, екпінді жел және т.б.) салдарынан есіктің деформациялануы



ҒИМАРАТ ПЕН КӨЛІК ТҰРАҒЫНЫҢ ҚАҢҚАСЫ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- Қарастырылған жобаға сәйкес келмегенде
- Қолданылған материалдарда ақаулар болған жағдайда

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Ғимарат қаңқасында келісілмеген өзгерістер жасалған жағдайда

Аралық қабырғаларды алып тастағанда

Механикалық зақымданулар кезінде:

- соққылар мен соқтығысулар
- жабдықтан болған зақымдану
- дұрыс пайдаланбау немесе күтім жасамау




ҒИМАРАТ ПЕН КӨЛІК ТҰРАҒЫНЫҢ ШАТЫР ЖАБЫНЫ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

- Гидрооқшаулау бұзылғанда
- Құрылыс материалдарында ақаулар болғанда
- Кепілдік мерзімі ішінде материалдар тозғанда

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Клиент конструкцияны өзгерте отырып, өздігінен жөндеу жұмыстарын жүргізгенде
- Шатыр жабынының гидрооқшаулауын зақымдағанда



ҮЙ АУМАҒЫ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Ақаулар, зақымданулар және жобаға сәйкес келмеу анықталған жағдайда:

- жабындарда (асфальт, тартан, төсемтас және т.б.) кедір-бұдырлардың пайда болуы
- жарықтандырудың жарамсыздығы

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Мүлік дұрыс пайдаланылмаған жағдайда:

- балаларға арналған ойын конструкцияларына (өткеншектерге, сырғанау төбешіктеріне және т.б.) шамадан тыс жүк түсіру
- басқарушы компаниямен келіспестен, абаттандыруға өзгерістер енгізу
- вандализм және бүлдіру



ҚАСБЕТ

КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Мына жағдайларда:

- қабырғаларға, еденге және төбеге мұз қатуы
- қасбет элементтерінің сапасыз орнатылуы
- материалдарда ақаулардың болуы



КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

- Тұрғындар тарабынан араласу (бұзу, қайта жабдықтау және т.б.) болған жағдайда
- Механикалық зақымданулар кезінде (BI Service өкілдері берген келісілмеген технология бойынша кондиционердің сыртқы блогын монтаждау және т.б.)


ДЕЙІН




КЕЙІН




КЕПІЛДІК ӨТІНІМ BIG APP АРҚЫЛЫ БЕРУ




BIG App қолданбасында тіркеліңіз немесе авторланыңыз және «Менің үйім» — «Өтінімдер» бөліміне өтіңіз.




«Өтінімдер» бөлімінде экранның төменгі жағындағы «Өтінім қалыптастыру» түймесін басыңыз.




Әрі қарай тиісті бөлімді: пәтерді, тұрақ орнын, қасбетті, кіреберісті немесе ауланы таңдаңыз.



Бөлімді таңдағаннан кейін қызмет санатын көрсетіңіз.



Қызмет санатының ішінде белгілі бір қызметті таңдаңыз.



Өтінімді толтыру кезінде фотосуретті немесе бейнежазбаны қоса тіркеңіз, байланыс деректерін көрсетіңіз, түсініктемелер қосыңыз және, бұл мәселе үйге ортақ аумаққа қатысты болса, өтінімді жария түрде беріңіз.

Қатеге жол бермеу үшін қолданба өтінімді жария түрде беру керек пе екенін қайта сұрайды.

Өтінім жарияланғаннан кейін оның күйін белсенді өтінімдер бөлімінде бақылай аласыз.



- Бейненұсқаулықты қарау
- BIG App қолданбасы туралы толығырақ білу
- BIG App қолданбасын жүктеп алу



КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ ПРОЦЕСІ

5 ҚАДАМ

1

КЕПІЛДІК ӨТІНІМІН БЕРУ

Сіз BIG App қолданбасы арқылы өтінім бере аласыз. Бұл үшін «Менің үйім» — «Өтінімдер» — «Өтінім қалыптастыру» бөліміне өтіңіз.

2

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Өтінім орындаушыға келіп түскеннен кейін ол мәселенің егжей-тегжейін нақтылау үшін сізге хабарласады.

3

МӘСЕЛЕНІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Орындаушы мәселенің кепілдік жағдайға жататынын немесе жатпайтынын анықтау үшін оны фотосуретке немесе бейнежазбаға түсіріп жіберуіңізді сұрауы мүмкін. Қажет болған жағдайда, сәйкестендіру үшін орындаушы пәтерге қарап-тексеруге келе алады. Сіз біздің орындаушымызға пәтерге кіру мүмкіндігін қамтамасыз етуіңіз керек.

4

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ

Жағдай кепілдік жағдайы болып белгіленгеннен кейін сізбен кепілдік міндеттемелерді орындау мерзімі мен тәсілі келісіледі.

5

ӨТІНІМДІ ЖАБУ

Кепілдік міндеттемелерді орындау процесі аяқталғаннан кейін өтініміңіз жабылады. Соңында сіз жұмысты бағалап, атқарылған жұмыс бойынша кері байланыс беруіңізге болады.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Құрылыс салушы менің кепілдік мәселемді қаншалықты тез шешеді?

Мәселені шешу мерзімі көптеген факторларға байланысты:

- мәселенің күрделілігіне
- материалға, оның болуына және осы материалды өндіруші зауыттан жеткізу мерзіміне
- ауа райы жағдайларына

Осы себептен әр кепілдік жағдайының мерзімі әр клиентпен жеке келісіледі.

КҚКБ (Кепілді қызмет көрсету басқармасы) ақылы негізде қызмет көрсете ала ма?

Кепілдік бөлімі ақылы негізде қызмет көрсетпейді, тек кепілдік бойынша ғана. Сіз ақылы сервис қызметтерін алу үшін BI Service қызметіне жүгіне аласыз. Өтінім беру процесі BIG App қолданбасы арқылы жүзеге асырылады.

БК (Басқарушы компания) мен КҚКБ (Кепілді қызмет көрсету басқармасының) арасындағы айырмашылық неде?

BI Service басқарушы компаниясы (БК) үйге кешенді қызмет көрсетумен: жинап-тазалаумен, үйдегі шығыс материалдарын ауыстырумен, инженерлік желілерді күтіп ұстаумен және т.б. айналысады. Кепілді қызмет көрсету басқармасы (КҚКБ) кепілдік міндеттемелерді орындаумен айналысады.

Клиент келісімсіз қайта жоспарлау жұмыстарын жүргізсе, ол кепілді қызмет көрсетуден толық айырылады ма?

Клиент қайта жоспарлау жұмыстарын жүргізген жағдайда, ол өзгерістер енгізілген конструктивтер бойынша ғана кепілді қызмет көрсетуден айырылады. Мысалы, тұрғын қайта жоспарлау жұмыстарын жүргізіп, ас үй бөлмесі мен балконды біріктірді. Қайта жоспарлау кезінде радиаторлардың орнын ауыстырып, терезені бұзып, қабырғаны ойды. Ол осы нақты бөлмелердегі осы үш конструктив бойынша ғана кепілдігін жоғалтады. Яғни, басқа бөлмелердегі радиаторларға, есіктерге және басқа да конструктивтерге кепілдік сақталады.

Шудан оқшаулау нашар болып, лифт шахтасының шуы мазаңызды алса, не істеу керек?

BIG App қолданбасы арқылы өтінім беріңіз. Мамандар лифт жабдығының шу деңгейін өлшейді. Шу деңгейін өлшеу үшін сіз өзіңіз СЭС мамандарын шақыруыңызға да болады. Шу деңгейі нормадан ауытқыған жағдайда, компания барлық қажетті шудан оқшаулау жұмыстарын жүргізеді. Шу деңгейінің нормасы: 40 дБ (күндізгі уақытта), 30 дБ - түңгі уақытта.

Пәтер суық болса, не істеу керек?

BIG App қолданбасы арқылы өтінім беріңіз. Біз мамандарды жіберіп, тепловизордың көмегімен қабырғаларға диагностика жасаймыз. Диагностика жасалғаннан кейін мәселе техникалық шешімге сәйкес шешіледі.

Бізде кондиционер себеттері жеткіліксіз, қалай қосса болады?

Қосымша себеттер орнатуға рұқсат алу үшін сервистік компанияға хабарласыңыз. Бұл үшін де сіз BIG App қолданбасы арқылы өтінім беруіңізге болады. Кондиционер себеттері пәтер иесі есебінен орнатылады.

Сұрағыңызға жауап таппадыңыз ба?

Сіз өз мәселеңізді сипаттап, BIG App қолданбасы арқылы өтінім беруіңізге болады. Немесе төтенше жағдайда апаттық қызметке хабарласыңыз.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК



Апаттық жағдайлар – дереу шешім қабылдауды және араласуды қажет ететін күтпеген оқиғалар. Мысалы, сіздің пәтеріңізден төмендегі көршілеріңізге су кете бастағанда, жоғарыдағы көршілеріңізден сіздің пәтеріңізге су аға бастағанда, құбырыңыз жарылғанда және т.б. Мұндай жағдайларда не істеу керек?

1 ҚОҢЫРАУ ШАЛУ

Апаттық жағдай анықталғанда, апаттық қызметке хабарласқаныңыз жөн.

+7 701 8 330 330

Апаттық қызмет.
Тәулік бойы.

2 ЖЕДЕЛ ЖОЮ

Біз апаттық жағдайды жою үшін дереу мамандарды жібереміз. Мысалы, құбырыңыз жарылып қалса, суды тоқтату үшін сантехниктерді жібереміз. Апаттық жағдай жойылғаннан кейін мамандарымыз оқиға орнын қарап-тексеру актісін жасайды.

15 минуттан бастап

Мамандардың
келу уақыты

3 БАҒАЛАУ КОМИССИЯСЫ

Біз құрамына құрылыс салушының, басқарушы компанияның және мердігер ұйымдардың өкілдері кіретін комиссия құрамыз. Ақауды куәландыру үшін сіз оларға пәтеріңізге кіру мүмкіндігін беруіңіз қажет.

1 күннен 3 күнге дейін

Мамандардың
келу уақыты

4 АКТ ЖАСАУ

Жүргізілген комиссия қорытындысы бойынша акт жасалады, онда апаттық жағдайдың түрі, апаттың пайда болу себебі және жауапты тарап көрсетіледі.

Егер келіспейтін болсаңыз

Тәуелсіз комиссия шақырып,
комиссия шешіміне
қарсылық білдіре аласыз.

5 КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ

Акт жасалып, сізде кепілдік жағдайы бар екені анықталғаннан кейін біз дереу апат салдарын жоюға кірісеміз.

Жұмысты бағалау

Орындаушы жұмысты аяқтағаннан
кейін оның жұмысын бағалап,
атқарылған жұмыс бойынша кері
байланыс беруіңізге болады.

Сіз осы парақты бөліп алып, кейін осы нұсқаулықты іздеп жүрмеу үшін оны тоңазытқышқа бекітіп қоюыңызға болады.



ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР!

Сіздің таңдауыңызды жоғары бағалаймыз. Біздің үйлерімізде тұрудың әрбір кезеңі, соның ішінде кепілдік кезеңі біз үшін маңызды.

Біз сізді ортақ мүлікке ұқыпты қарауға шақырамыз. Инженерлік желілерге, үйдің негізгі құрылымдарына және басқа элементтерге күтім жасау бойынша ұсыныстарды орындаңыз - бұл сіздің үйіңіздің беріктігі мен өтімділігінің КЕПІЛІ. Есіңізде болсын, осы нұсқауларды орындау кепілдікті жоғалтпауға көмектеседі және сіздің үйіңізді жақсы жағдайда ұстайды.

Біз Сізбен әрбір сәтті бағалаймыз және үйіңізді одан да жайлы және жайлы ету үшін кеңестермен бөлісуге дайынбыз.

Біздің жалпы назарымызбен, қамқорлығымызбен және ережелерді сақтай отырып, сіздің үйіңіз әдемі ғана емес, сонымен қатар көптеген жылдар бойы берік болатынына сенімдіміз.

Ризашылықпен және құрметпен, BI Group